

БӨЛІМ: АШЫҚ САБАҚТАР

Электротехникалық тұрмыстық заттар.

ЖАРИЯЛАНДЫ
31.01.2018СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/27491/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

«Құлыншақ» тобында ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Өткізілген күні: 11 . 10. 2017

Білім беру саласы: Таным .Әлеуметтік орта . Қатынас

Бөлімі : Қоршаған ортамен таныстыру

Тақырыбы: Электротехникалық тұрмыстық заттар.

Мақсаты: тұрмыста кеңінен қолданатын элоктротехникалық заттар тоңазтқыш және шаңсорғыш туралы білімін кеңейту. Балалардың мінез – құлқында қарапайым әдеп ережелерін бекіту. Сыпайылық дағдыларын қалыптастыру.Заттарға ұқыпты,адамдар еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: электротехникалық заттардың суреттері,мазмұнды рөлді ойынға арналған шаңсорғыш пен тоңазтқыш және суреттер.

Қажетті құрал жабдықтар: Жұмыс дәптері , қарындаш,бірнеше бөлікке бөлінген электротехникалық заттардың суреттері , ыдыс-аяқ , жиһаз т,б. Тұрмысқа қажетті заттардың суреттері.

Алдын ала жасалатын жұмыс: тұрмыста қолданатын заттар туралы әңгіме жүргізу.

Әдіс-тәсілдері: сөздік , көрнекілік, ойын , практикалық.

Әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушы	Тәрбиеші балаларын шаттық шеңберіне тұрғызады. Алдымыздан кезіккен Көп танысты көреміз Бәріне де ізетпен, Иіліп сәлем береміз. Балалардан өткен оқу іс-әрекетінде не өткендігін сұрап өту. Балалар қазір жылдың қай мезгілі? Күз мезгілі неше айдан тұрады атайықшы?	Балалар шаттық шеңберін құрып , өздеріне таныс өлең жолдарын айтады. Өткен оқу іс-әрекетінде Бдыс-аяқты өттік -Күз Үш айдан тұрады Қыркүйек , Қазан, Қараша

<p>Іздену-ұйымдастырушы</p> <p>Қонаққа ойыншық қонжық пен қоян (дауласып)келеді.Екеуі де балалармен амандасады , сонан сон өздерінің не үшін келгендерін айтады.</p> <p>Қонжық: -Кеше қоян досымды дүкенге жіберіп ,үйге қажетті заттар алып кел десем ,мына бір заттарды алып келіпті. « Бұл не?»,-десем , өзі білмейді.</p> <p>Қоян: -Мен білетімін, бірақ та ұмытып қалдым. Мүмкін сендер көмектесіп жіберерсіңдер,-деп алып келген заттарын көрсетеді.</p> <p>-Шансорғыш деген не? Оның бізге қажеті қанша?Ал тоназтқыштың не пайдасы бар ?</p> <p>-Ол сонда шаңды қалай сорады? Оның не сонда аузы бар ма? Ол шаңға жақалып қаламай ма?Шаңды сорама , Шаңды сорағанда , ол шаң қай жеріне жиналады?</p> <p>Тәрбиеші шаңсорғыштың тазалықты сақтау үшін көмектесетіндігін,оның шаңды сорағын арнайы түтігі(шланғысы)болатындығын,шаң қоқысты жинайтын дорбасы болатындығын , диван т.б заттарды тазартуға арналған бірнеше щеткасы бар екендігін және шаңсорғыштың алуан түрлі болатындығын айтып ақпарат береді.Суреттер немесе шаңсорғыштың өзін ашып,ішіндегі тетіктерін көрсетеді.</p> <p>Қонжық: -Маған шаңсорғыштың керегі жоқ, қоқысты мен өзім-ақ жинап аламын, ол үшін мен сыпыртқыны пайдаланамын, ал шаңды сулы щөберекпен сүртіп ала саламын.</p> <p>Тәрбиеші: -Қонжық сен дұрыс айтасын ,сыпырғышпен сыпырыпта тазалауға болады.Балалар ойланым көріндерші ,дайсысына уақыт көп кетеді.</p> <p>Сыпырғышпен сыпырып, шаңын сүрткенге ме , өлде шаңсорғышпен тазалауға ма?</p> <p>-Оны қайдан білдіңдер?</p> <p>-Ал енді тоназтқыш туралы не білесіңдер?</p> <p>-Тоназтқышқа тағыз да не салуға болады?</p> <p>Қонжық: -Менің үйіме тамақтарды қоятын шақа бар. Маған тоназтқыштың керегі жоқ екен.</p> <p>Тәрбиеші: -Не үшін тоназтқышқа қоямыз? -Тамақты неге шақфтың ішінде сақтамаймыз ?</p> <p>-Қонжық,байқалың ба,тоназтқыштың пайдасы бар екен.</p> <p>Қонжық: -Міне,керемет,сонда ол өз-өзінен тұрып сүп-суық бола ма? Әлде оның ішіне аяз кіріп алған ба?</p> <p>Қонжық: -Тоназтқыштың ішіне тамақтарды салып,сосын оны тоқтан ажыратып тастаса да, тамақтар бұзылмай тұра бере ме?</p> <p>Қонжық: -Неліктен?</p> <p>Тәрбиеші балаларға қосымша сурақтар қоя отырып ,тоназтқыш туралы қосымша ақпараттар беріп,олардың электротехникалық заттар деп аталатындығын және адам еңбегінің нәтижесі екендігін түсіндіреді.Шаңсорғыштың құрылысымен таныстыра отырып,тоққа қосып шаңды қалай сорағындығын көрсетеді және балаларға шаңсорғышпен жұмыс істеу әлі ерте екендігін,үлкендердің көмегімен пайдалана калған жағдайда қауіпсіздік ережесін сақтау керектігін ескертреді .</p> <p>Тәрбиеші баларды екі орталыққа бөліп,бірнеше орталықтағы балаларға бірнеше бөлікке бөлінген электротехникалық заттарды суретін түсіне,көлеміне қарай құрастырады,екінші орталықтағы балаларға жалпы тұрмысқа қажетті заттардың суретін іріктеп алып жеке-жеке топтастыруды тапсырады .</p> <p>Сергіту сәті Ормандағы аюдың Құлшайы көп екен Теріп-теріп аламыз Қалтамызға саламыз</p> <p>Қонжық пен қоян қоштасады балаларға рахетін айтады .</p>	<p>Қонжықпен қоянды көргенде балалар танырқайды , қуанады.</p> <p>Балалар қонжық пен қоянның әкелген заттарын кезек-кезек қарап , көріп шығады.</p> <p>-Қонжық мынау шаңсорғыш қой . — Ал мынау тоназтқыш .</p> <p>-Шаңсорғышпен үйдің шаңын, қоқыстарды сорап тазалайды .</p> <p>Балалар өздері білетін сурақтарға жауап беруге тырысады. Балалар шаңсорғыштың ішін ашып, оның қандай бөліктерден тұратындығын көреді.</p> <p>-Шаңсорғышпен үйді тазалағанда уақыт көп кетпейді. -Сыпырғышпен үйді сыпырғанда көп уақыт кетеді.</p> <p>-Үйді анамыз айтқан. -Тоназтқыш үлкен , көбінесе ақ түсте болады. -Тоназтқыштың ішіне тамақтар қояды. -Жемістер, көкөністер, т.б -Тағамдар бұзылып кетпесе үшін оларды тоназтқышта сақтайды.</p> <p>-Шақфтың іші суық емес,ал тоназтқыштың іші суық.</p> <p>-Жоқ , тоназтқыштың ішіне аяз кіріп алған жоқ ,оны тоққа қоссаң ғана суытады,шаңсорғыш та тоқ арқылы жұмыс істейді.</p> <p>Қауіпсіздік ережесімен танысады.</p> <p>Балалар электротехникалық заттарды үлекі адамдарсыз қолдануға болмайтынын түсінді. Балалар мұқият тыңдап орындайды.</p> <p>Балалар хормен айтып іс-қимыл арқылы орындайды.</p> <p>Балаларда қоштасады</p>	<p>Қонжықпен қоянды көргенде балалар танырқайды , қуанады.</p> <p>Балалар қонжық пен қоянның әкелген заттарын кезек-кезек қарап , көріп шығады.</p> <p>-Қонжық мынау шаңсорғыш қой . — Ал мынау тоназтқыш .</p> <p>-Шаңсорғышпен үйдің шаңын, қоқыстарды сорап тазалайды .</p> <p>Балалар өздері білетін сурақтарға жауап беруге тырысады. Балалар шаңсорғыштың ішін ашып, оның қандай бөліктерден тұратындығын көреді.</p> <p>-Шаңсорғышпен үйді тазалағанда уақыт көп кетпейді. -Сыпырғышпен үйді сыпырғанда көп уақыт кетеді.</p> <p>-Үйді анамыз айтқан. -Тоназтқыш үлкен , көбінесе ақ түсте болады. -Тоназтқыштың ішіне тамақтар қояды. -Жемістер, көкөністер, т.б -Тағамдар бұзылып кетпесе үшін оларды тоназтқышта сақтайды.</p> <p>-Шақфтың іші суық емес,ал тоназтқыштың іші суық.</p> <p>-Жоқ , тоназтқыштың ішіне аяз кіріп алған жоқ ,оны тоққа қоссаң ғана суытады,шаңсорғыш та тоқ арқылы жұмыс істейді.</p> <p>Қауіпсіздік ережесімен танысады.</p> <p>Балалар электротехникалық заттарды үлекі адамдарсыз қолдануға болмайтынын түсінді. Балалар мұқият тыңдап орындайды.</p> <p>Балалар хормен айтып іс-қимыл арқылы орындайды.</p> <p>Балаларда қоштасады</p>
--	--	--

Рефлексгі коррекциялаушы	Тәрбиеші балалардан бүгінгі жиыннан алған әсерлерін, көңіл күйлерін, немен айналысқандарын, не үйренгендерін сұрайды. Бүгінгі жиыннан түйінді ойы немесе тақырыбы жайлы естеріне түсіреді. Балалармен ойын ойналады: «Менің үйімдегі заттар» Ойын шарты - бала үйіндегі тұрмысқа қажетті тұрмыстық заттарды, оның қызметі мен қажеттілігі туралы айту керек.	Жиыннан алған әсерлерін айта отырып, көңіл күйлерін дәптердегі таңбаларға белгілейді. Тапсырмаларды орындайды Балалар ойынды ойнайды.
-------------------------------------	---	---

Күтілетін нәтиже:

Біледі: тұрмыста кеңінен қолданатын электротехникалық заттар тоңазтқыш және шаңсорғыш туралы, олардың да адам еңбегімен келетіндігі туралы.

Игереді: шаңсорғыш пен тоңазтқыш түрлерін, олардың қызметін, пайдаланылуын, қажеттілігін.

Менгереді: заттарға ұқыпты қарауды, қауіпсіздік ережесін сақтауды.

Дефектолог: Кульбаракова Айсұлу Таубайқызы

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimgger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.